

“АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ” АҚ
«Қазақстан тарихы және философия» кафедрасы

САНА ФИЛОСОФИЯСЫ

Орындаған: Сагитов А.Е.

Тобы: 210 ЖМ

Тексерген: Аязбаева С.К.

- **Сана мәселесі**-философиядағы басты және күрделі, түсіндіруге қиын мәселелердің бірі, себебі сананы көру, өлшеу, сезім мүшелері арқылы қабылдау мүмкін емес, бірақ сана адамның жануарлар дүниесінен ерекшелігін көрсететін факторлардың бірі, сана арқылы адам мен оны қоршаған ортаның арасындағы байланыс жүзеге асырылатыны күмәнсіз. Сондықтан философия тарихында сана, жан, бейсаналы құбылыстарының төңірегінде үнемі пікір таластар жүріп отырды және олар қазірде жалғасуда.

- **Сананы түсінудегі** әр түрлі көз қарастарды біріктіріп, екі үлкен топқа бөлуге болады: Материалистік – сананы материяның дамуында пайда болатын табиғи қасиеті деп түсіну; Идеалистік - сананы материяға жат, одан алғашқы, жаратылыстан тыс пайда болатын рухани субстанция деп ұғыну. Жаратылыстану ғылымдарының дамуының нақты жетістіктері сананың мәні, генезисі туралы сауалдарға жауап берді деп айтуға болады.

Сананың табиғаты қоғамдық, яғни ол тарихи эволюция нәтижесінде қоғамда қалыптасты және сананың дамуы қоғамдық ортада ғана мүмкін болмақ. Сананың қалыптасуының алғышарты ретінде еңбекті атауға болады. Еңбектің арқасында адам өзінің күнделікті өмір сүруіне және табиғаттың дүлей күштерінен қорғануға қажетті нәрселерді жасады, табиғат заттарының жаңа қасиеттерін ашты, ой-өрісін кеңейтті, еңбек құралдарын бірте-бірте жетілдіре түсті. Еңбектің дамуы қоғамда өмір сүріп отырған адамдарды жақындатты, олардың бір-біріне бірдеңе айту қажеттілігі туды, араласу құралы ретінде тіл пайда болды. Еңбек пен тіл адамның миын, сезім органдарын дамытты, есту, көру, сезу, қабілетін күшейтті, санасын қалыптастырды. Абстракциялауға, тұжырым жасауға күштарлық еңбек пен тілге қайта әсер етті, оларды дамытуға жаңа күш берді.

Сана, сонымен қатар, бейнелеудің жоғарғы формасы. Бейнелеу барлық материяға тән қасиет. Объективті өмір сүретін заттар, құбылыстар, процесстер бір-біріне үнемі әсер етіп отырады және белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырайды. әрбір зат, құбылыс өзі әсер еткен нәрседе өзінің «ізін», бейнесін

- **Бейнелеудің сатылары:**
- 1) қарапайым бейнелеу – бейнелеудің бұл түрінде субъект объектінің белсенділігін туғызбайды (мысалы, заттың судың немесе айнаның бетінде бейнеленуі).
- 2) информациялық бейнелеу – бейнеленуші бейнелеушінің бойында белсенді әрекет, өзгерістер жасайды. Мұндай бейнелеу тірі табиғатта да, қоғамда да кездеседі. Мысалы, лекция оқушы ұстаздың студенттің санасында жаңа ойлар оятуы, қарапайым бір клеткалы жануарлар мен өсімдіктердің тітіркенуі.
- 3) әлеуметтік бейнелеу – қоғамдық болмыстың жеке және қоғамдық санада, ой-пікір, көзқарас, идея, теорияларда бейнеленуі.
- Бейнелеудің ең жоғарғы формасы деңгейіне көтерілгенге дейін сана материяның төменгі

- ▣ 1) тітіркену – өсімдіктердің ыстық-суыққа, тәулік уақытына, басқа сыртқы әсерлерге реакциясы.
- ▣ 2) сезімталдық – жануарлар дүниесіне тән. Организм өзіне биологиялық жағынан алғанда қажетті емес, сонымен бірге биологиялық тұрғыдан бейтарап, бірақ онымен қосыла «отырып, информациялық маңызы бар нәрсеге реакция бере алады, яғни түйсік туғызады. Мұндай бейнелеу тірі организмнің ішкі жұмысын, информацияны қорыту жұмысын күрделендіріп, нерв жүйесінің негізін қалайды. Мысалы, аңдар өз жауларын көргенде организмнің барлық мүмкіндіктерін жинақтап, шабуылға немесе қорғануға дайындалады. Бірақ жануарлар ой қорытуға қабілетсіз.
- ▣ 3) психикалық бейнелеу – нерв жүйесімен тығыз байланысты. Субъект пен объектінің бір-біріне әсері негізінде психикалық образ (бейне) қалыптасады. ол нерв клеткаларында сақталып, керек уақытында қажетке асады.

- Қоғамдық сана. Қоғамдық сана – қоғамның өзін-өзі, өзінің қоғамдық болмысын және қоршаған ортаны түйсінуінің (осознание) нәтижесінде пайда болатын қоғамдағы әр түрлі пікірлердің, теориялардың, идеялардың, діни сенімдердің жиынтығы. Ол қоғамдық болмысты бейнелейді, бірақ салыстырмалы түрде белсенді, яғни, қоғамдық болмысты пассивті бейнелеп қана қоймай, өзі де қоғамдық болмыстың дамуына белсенді әсер етіп отырады.
- Қоғамдық сана және жеке сана. Жеке сана мен қоғамдық сананың арақатынасын жеке мен тұтастың арақатынасы ретінде қарастыруға болады. Жеке сана қоғамдық сананың бөлігі, оның құрамында қоғамдық сананың элементтері ықпалда болады. Адам өмірге келгенде қоғамда өзіне дейін қалыптасқан өндірістік қатынастарға, қоғамның экономикалық негізіне ғана емес, рухани мәдениет пен мәдени құндылықтар дүниесіне қадам жасайды. Сондықтан да жеке адам қоғамдық сананың принциптерімен және негіздерімен сана сүйге мейжбүр

- Қоғамдық сананың құрылымы. Зерттеушілер қоғамдық сананың құрылымында қарапайым және теориялық, қоғамдық психология және қоғамдық идеология деңгейлерін, сонымен қатар, мынадай түрлерін: саяси сана, құқықтық сана, мораль, дін, өнер, ғылым және философияны атап көрсетеді.
- Қарапайым немесе әдеттегі сана – адамның қоршаған ортаны бейнелеуінің тарихи жағынан алғанда алғашқы тәсілі, қоғамның рухани өмірінің ажырамас бөлігі. Кейбір ойшылдар қарапайым сананы тоғышарлық сана, жаңаға қабілетсіз деп, төмен бағалайды. Мысалы, осындай менсінбеушілік Гегельде кездеседі, бірақ ол қарапайым сана жалпы адамзаттық мәдениеттің байлығын игеруге талпынса, ғылыми деңгейге дейін көтеріле алады деп сенеді. Ал Кант қарапайым санаға құрметпен қарады. Шынында да, қарапайым сана нақты өмір сүріп отырған адамдардың, қоғамның құрамдас элементтерінің санасы, бір тұлғаның екінші тұлғадан айырмашылығын көрсететін және оларды бір қоғамдық тұтастыққа біріктіретін рухани микрокосм, адамдардың күнделікті өмірлерінің қарапайым уайым-қуаныштарының, үміттерімен түңілулерінің жиынтығы. Қарапайым сананы зерттеу арқылы қоғамның жалпы көңіл-күйі, тыныс-тіршілігі туралы мол мәлімет алуға болады. Осы жерде «қоғамдық психология» ұғымын қарастырған дұрыс.

- ▣ **Қоғамдық психология дегеніміз** – белгілі бір қызмет және басқа да жағдайлар арқылы біріктірілген адамдардың әлеуметтік көңіл-күйлері мен сезімдері, қоғамдық пікірлері, салт-дәстүрлері мен мінез-құлықтары және әлеуметтік әдеттері.
- ▣ «Қоғамдық психология» терминін ғылыми айналысқа италяндық марксист Антони Лабриола 1896 жылы енгізіп, оны қоғамдық сананың бүкіл мазмұнына кіргізді. Бұл терминнің философиялық әдебиетте кеңінен тарауына орыс ойшылы Г.Плеханов үлкен үлес қосты. Ол «қоғамдық сана» терминін «қоғамдық психика» және «таптық идеология» деп бөліп, қоғамның психологиясын зерттеудің маңыздылығын атап көрсетті және онсыз құқық пен саяси мекемелердің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, философияны сондай-ақ рухани құбылыстардың да тарихын түсіну мүмкін еместігін ескертті. Қазіргі кезеңде қоғамдық психологияны зерттеумен әлеуметтік психология ғылымы айналысады. Жалпы алғанда, қоғамдық психология мен қарапайым сана қоғамдық сананың бір деңгейінде орналасқан.
- ▣ Теориялық сана. Адамның бойында тек қарапайым сана, немесе, тек теориялық сана болуы мүмкін емес, олар бірін-бірі толықтырып отырады. Теориялық сана – маңызды байланыстар мен заңдылықтардың ғылымда және қоғамдық сананың басқа формаларында бейнеленуі, ол тарихи және теориялық алғышарттарға, рухани қызметке сүйенеді. Осы анықтама арқылы қоғамдық идеологияның мәнін түсінуге болады. Философиялық әде-

- ▣ **Идеология** – саяси, құқықтық, эстетикалық, діни, көркемдік және басқа идеялар мен концепциялардың жүйесінен тұратын, өзінде теориялық негіздермен қатар, іс-әрекет бағдарламаларын, идеологиялық ұста-нымдарды көпшілікке тарату механизмдерін біріктіретін күрделі рухани құрылым.
- ▣ Қоғамдық психологиямен қоғамдық идеологияның ерекшеліктері және бірлігі:
 - ▣ 1) Идеология қоғамдық психологияны өзгертетін белсенді фактор;
 - ▣ 2) Қоғамдық психология идеологияның таралу кеңістігі, бірақ ол пассивті негіз емес, ол идеологиялық құрылымдарды сұрыптап-таңдайды, кейбіреулерін қолдауы мүмкін, ал кейбіреулерін терістейді;
 - ▣ 3) Идеология жүйелі түрде идеологтар мен саясаткерлердің қызметі арқылы жасалады.
- ▣ Қазіргі уақытта «идеология» термині қайта жаңғырып отыр деуге болады. Кеңестер Одағы дәуірінде ұзақ уақыт тым асыра идеологияланды-рылған қоғамда өмір сүргеніміз белгілі. Ол қоғам ыдыраған соң, идеоло-гиялық вакуум пайда болды, тіпті қоғамтанушы ғалымдардың өзі бұл терминді айналып өтуге тырысты, «қоғамды идеологиясыздандыру» мәселесі де кеңінен талқыланды. Әрине, бұл көзқарас дұрыс емес, себебі әрбір мемлекеттің өзіндік құндылықтар жүйесі, қоғамның барлық мүшелерінің көзқарастарын бейнелейтін белгілі бір ұстаным-бағыты міндетті түрде болуы тиіс, қоғам онсыз өмір сүре алмайды. Осы

- Мемлекеттік, жалпыұлттық идеологияның негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ғылыми-теориялық еңбектерінде, Қазақстан халқына 2006 жылғы Жолдауында белгіленген. Оларды жалпы қорытсақ:

- 1) ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету;

- 2) ішкі ұлттық бірлікті нығайту;

- 3) Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;

- 4) қоғамда жоғары тіл мәдениетін орнықтыру;

- 5) тұрақтылықты, азаматтық келісімді

қалыптастыру және тағы басқа

- ▣ Қоғамдық сананың формалары
- ▣ мәселесі үнемі қызу талқыланып, оның сандық құрылымы туралы пікірлер өзгеріп отырады. Салыстырмалы түрде алғанда, қоғамдық сананың формалары мыналар деуге болады: саяси сана, құқықтық сана, діни сана, өнер, мораль (адамгершілік), ғылым және философия. Кейбір ғалымдар қоғамдық сананың экономикалық және экологиялық формалары туралы да айтып жүр.

- **Құқықтық сана** – адамдардың мемлекет тағайындаған заң ережелері мен заң мекемелерінің жиынтығы болып табылатын нақты құқыққа деген қатынастарын білдіретін көзқарастарының, идеяларының, теориялары мен түсініктерінің жиынтығы.
- Құқықтық сананың да екі деңгейі бар:
- 1) практикалық құқықтық сана – адамдардың құқықтық практикалық қолдануы, қоғамда қабылданған нормативтік актілерге қатысты қылықтары, сыртқы іс-әрекеттері. Ол мынадай компоненттерден тұрады: құқықтық сезімдер, құқықтық дағдылар және әдеттер, құқықтық білімдер.
- Құқықтық сезімдер субъективті, оларды заң ережелеріне адамның реакциясы деуге болады. Мысалы, әділеттілік сезімі, еркіндік сезімі, немесе ашуыза
- Құқықтық дағдылар – адамның заң талап ететін сыртқы әрекеттер жасай білуі, бұл әрекеттердің оның бойында тұрақты қалыптасуы (Мысалы, шығынды етеу, келісім-шарт жасау, тиесілі нәрсені ала білу және т.б.). Мұндай дағдылар индивидтің өмірін, қызметін жеңілдетеді.
- Құқықтық әдеттер – құқықтық нормаларды сақтауға деген индивидтің ішкі қажеттілігі.
- Құқықтық білімдер – құқық саласы бойынша субъектіні түсініктерінің, пікірлерінің, бағдары мен ұстанымдарының жиынтығы.

- **Теориялық құқықтық сана** – құқықты, оның шекаралары мен нормативтерінің шекараларын түсінуге, құқыққа қатынас тәсілдері мен құралдарын анықтауға және құқықтық білімді жетілдіруге арналған ой қызметі процесі мен оның жемісі.
- Мұндай ой қызметінің міндеті – құқықтық сананы өзгерту, оның құқықтық нормативтерге мүмкіндігінше көбірек сәйкес болуына жету. Бұл қызметті арнайы құқықтық білімі бар адамдар атқарады, олар заң ғылымын кәсіби дамытып, заңдар дайындайды, ғылым-практикалық ұсыныстар жасайды.
- Құқықтық сана әр түрлі функциялар атқарады:
- 1) танымдық – құқықты практикалық түрде қолдану және құқықтық қатынастарға тікелей қатысу арқылы адамдар құқықты танып-біледі.
- 2) бағалау функциясы – өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы құқық өзінің көзқарастарына сәйкес келе ме, әлде жоқ па – субъект осыған байланысты құқықты жағымды немесе жағымсыз бағалайды. Әрине мұндай бағалау жасай білу үшін құқықтық білім қажет.
- 3) реттеу функциясы -құқықтық информацияның субъект

- **Мораль немесе адамгершіліктік сана** – адамдар өздерінің мінез-құлықтарында басшылыққа алатын, олардың бір-біріне, қоғамдастықтың әр түрлі формаларына қатынасын білдіретін принциптердің, ерелердің, нормалардың жиынтығы.
- Мораль қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Өзін сақт қалу үшін қоғам адамдардың бәрі үстануға тиіс ережелер қалыптастырып, олар арқылы жалпы адамдардың, жыныстардың және ұрпақтарды арасындағы қатынастарды реттеп отырды.
- Моральдың пайда болуы туралы бірнеше концепциялар бар.
- 1) Діни түсінік бойынша, адамгершіліктік заң адамға сырттан, құдай дан беріледі.
- 2) Эмпирикалық концепция мораль адамның, оның тәжірибесінің, тарихының дамуының, әдеп-ғұрыптары мен дәстүрлерінің қалыптасуының жемісі деп түсіндіреді.
- 3) Автономдық концепция бойынша мораль адамға әуелден, генетикалық деңгейде берілген, сондықтан ол салыстырмалы түрде өзгеріске көп ұшырамайды және

- **Эстетикалық сана** – адам өзі өмір сүріп отырған шындықтың құбылыстарын әсемдік пен ұсқынсыздық, трагикалық және комикалық тұрғысынан бейнелейтін эстетикалық түсініктер жиынтығы.
- Эстетикалық сананың құрылымына заттар мен құбылыстардың эсте-тикалық құндылығын, сонымен қатар, адамның эстетикалық практикасын: адам жасаған заттардың, табиғат құбылыстарының, адамдардың арасындағы қатынастардың әдемілігін ұсқынсыздық және әсемдік, асқақтық және төмендік, трагикалық және комикалық тұрғысынан бейнелейтін көзқарастар, сезімдер, талғамдар, пікірілер. түсініктер. теориялар және идеалдар кіреді. Эстетикалық сана психологиялық (сезімдер, талғамдар) және теориялық-идеологиялық (идеялар, теориялар) деңгейден тұрады. Екінші деңгей біріншісінен жоғары және оны эстетика ғылымы зерттейді. Қоршаған шындыққа эстетикалық қатынас немесе эстетикалық сана практикалық қызметте ғана емес, ерекше сала – өнерде көрініс табады. Өнердің қоршаған дүниені бейнелеу екені сезсіз. Бірақ өнер туындыларында елестетудің жасампаз күші ерекше байқалады. Осы ерекшелік туралы Кант: «Біз материалды табиғаттан алғанымызбен, бұл материал мүлдем басқа нәрсеге, атап айтқанда, табиғаттан асып кететін нәрсеге өңделуі мүмкін», – деген болатын.

- ▣ **Өнердің функциялары:**
- ▣ 1) танымдық – өнер туындыларының көмегімен адам өрісін кеңейтеді, дүние, табиғат, адам туралы білімін толықтырады.
- ▣ 2) тәрбиелік – эстетикалық идеал арқылы өнер адамның жан дүниесіне, мінез-құлқына, түсініктеріне зор ықпалын тигізеді.
- ▣ 3) эстетикалық – өнер эстетикалық талғам қалыптастырады, адамның шығармашылық рухын, шығармашылық бастауын оятады.
- ▣ 4) гедоникалық – өнер туындылары адамға ләззат береді.
- ▣ Өнер тұлғалық сипатқа ие, оны жасайтын да, қабылдайтын да, қолда- натын да тұлға, сондықтан өнер туындысының мазмұны, оны түсініп-бағалау деңгейі тұлғаның ерекшеліктерін бейнелейді. Өнер қоғамды сананың басқа формаларымен, әсіресе саясатпен тығыз байланысты.

**Назарларыңызға
рахмет!**